



ҚОС ӨЗЕН АРАСЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫН ИГЕРГЕН

С.БАЛҒЫМБАЕВ АТЫНДАҒЫ КЕН АЛАҒЫНА – 50 ЖЫЛ

Қазақстан Республикасы Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев атындағы кен алаңының 50 жылдық мерейтойы салтанатты түнде аталып өтті. Мерейтойлық шаралардың шымылдығы осында жаңадан салынған 150 орындық жұмысшылар асханасының пайдалануға берілуіне арналған тұсау кесу рәсімімен

ашылды. Айта кету керек, осыған дейін пайдаланылып келген 100 орындық асханада түскі ас кезінде адамдардың кезек күтіп, тұрып қалуларына тура келетін. Енді міне, бұл проблема шешімін тапты, мұнайшылар бір мезгілде кезексіз тамақтана алатын болды.

Салтанатты шара кезінде сөз алған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» Басқарма төрағасының орынбасары Құрманғазы Есқазиев Ембі кен алаңда-

МҰНАЙ – ЕЛ ЫРЫСЫ



рының әлеуметтік нысандармен толықтай қамтылып отырғанын баса айтып өтті.

– Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ өте көне кен орындарын игеріп жатыр. Соған қарамастан әлеуметтік жағдайды жақсартып, жұмысшыларға көп көңіл бөлуде. Компанияның басты құндылығы – Сіздер, мұнайшылар! Әлеуметтік нысандарды жақсарту жұмыстары жалғасады. Мұнайшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Кенбай кен алаңында 100 орындық жатақхананың, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Қисымбай кенішінде 50 орындық асхананы іске қостық. Бүгін С.Балғымбаев кен алаңындағы 150 орындық асхана сіздерге есігін айқара ашып отыр, – деді өз сөзінде Құрманғазы Орынғазыұлы.

Басы. Соңы 2-бетте.

ДЕНСАУЛЫҚ – БАСТЫ БАЙЛЫҚ

Дер кезінде жедел медициналық көмек көрсету қауіпті өндірістік нысандарда еңбек ететін қызметкерлердің негізгі қауіпсіздік компоненттерінің бірі болып табылады. «Ембімұнайгаз» АҚ жедел медициналық көмек жүйесін жетілдіру қажеттілігін ескере отырып, 2018 жылы Компанияның өндірістік нысандарында дәрігерге дейінгі медициналық тексеруден өту және шұғыл медициналық көмек көрсету жағдайына талдау жүргізді.

Осы жұмыстың шеңберінде алғашқы көмекке арналған жабдықтар мен дәрі-дәрмектер бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасын, соның ішінде, медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру қажеттілігі, сондай-ақ, жедел жәрдем көлігінің техникалық

жағдайы қауіпсіздік талаптарына сәйкесіздігі анықталды. Аталған мәселелерді шешу үшін жуырда медициналық пункттерді қосымша жабдықпен (дефибрилляторлар, оттегі цилиндрлер және т.б.) жабдықтау жоспарланып отыр, медициналық қызметкерлерге қойылатын талаптар жоғарылайды (тренингтер, халықаралық стандарттар бойынша біліктілік), жедел жәрдем көліктерін кезек-кезеңімен ауыстыру қолға алынауда. Қазіргі таңда медициналық пункттерде медициналық тексерулер мен медицина қызметкерлерінің жұмысын қадағалау мақсатында бейнекамералар орнатылды. Қызметкерлерді оқиға орнынан медициналық пунктке, одан кейін медициналық ұйымдарға жеткізу бойынша оқу-жаттығу жиындары жүргізілді. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің жұмысшы тобына аутсорсинг есебінен кәсіби ауруларды анықтау және алдын-алу үшін санитар-

ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІ

лық дәрігер жұмысқа алынды.

Компания қызметкерлердің медициналық бақылау жүйесін жетілдіру және өндірістік нысандарында шұғыл медициналық көмек көрсетуге қатысты кез-келген ұсынысына құлақ түреді. Мысалы, шілде айында жұмысшылардың ұсынысы бойынша, алғашқы көмек көрсету пункттеріне улы жыландар мен жәндіктердің шағуына қарсы сарысулар бөлінді. Медициналық орталықтардың жұмысына қатысты қандай да бір ұсыныстарыңыз немесе ескертулеріңіз болса, электрондық пошта арқылы еңбек қорғау және қоршаған ортаны қорғау бөліміне (k.mergenov@emg.kmger.kz) жазыңыз.

Сіздерге сәтті және қауіпсіз жұмыс күндерін тілейміз!

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті

ҚОС ӨЗЕН АРАСЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫН ИГЕРГЕН



Қ.Есқазиев өзінің құттықтау сөзінде атқарылған жұмыстарға да кеңінен тоқталды. Соңғы жылдарда «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бойынша 60 шақырымдық өндірісшілік жолдың құрылысы аяқталып, іске қосылғанын, сонымен қатар, Қаратон құрылымында барлау жұмыстарын бастау жөніндегі жұмыс жоспары қолға алынатынын, бұл орайда ұңғымалардың тереңдігі 6000 метр болатындығын да атап өтті. С.Нұржанов, Досмұхамбетов, Ақтөбе, Новобогат кеніштерінде ұңғымаларды бұрғылау жұмыстары қолға алынғалы отыр. Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ 5 мыңнан астам еңбек етеді. Биылғы жылы 2 миллион 895 мың тонна өнім игеру жоспарлануда.

Мерекелік шара одан әрі сазды бағдарламамен және еңбек озаттарын марапаттаумен жалғасты. «Қара алтын» өндірісінің өркендеуіне өлшеусіз үлесін

қосып, өзгелеріне үлгі-өнеге боп жүрген кәсіби мереке иелерінің бір тобына Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі табысталды. Сондай-ақ, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры», «ҚазМұнайГаз» ҰК»АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты, Исатай ауданы әкімінің Алғыс хаттары тапсырылды.

Салтанатты шараға жиналғандарды **«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков** құттықтады:

– Үстіміздегі жылдың 23-тамыз күні Атырау облысындағы жұмыс сапарында Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесіне келді. Бұл - ембілік мұнайшылар үшін үлкен мәртебе. Елбасы өндіріс үдерістерді қадағалау орталығының жұмысымен, соның ішінде «Интеллектуалды кен орны» жобасының жұмысымен танысты. Өздеріңіз жақсы білесіздер, біздің Компания мемлекет басшысының тапсырмасына сай өндірісті жаңа технологиялар қамтып, тың жобаларды батыл енгізіп келеді. Ембі өндірісін өзгерістермен, жаңа технологиялармен үздіксіз қамту ең алдымен ұжымдағы бірліктің, ауызбіршіліктің жемісі деп түсіну керек. Бұл-ембілік мұнайшылардың берекелі тірліктерінің арқасы деп есептеймін, сол үшін де сіздерге үлкен алғыс айтамын - деді құттықтау сөзінде Әнуар Еркінұлы.

МҰНАЙ – ЕЛ ЫРЫСЫ

Құттықтау сөздердің легін әрі қарай Исатай ауданының әкімі Марат Мүрзиев, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының басшысы Мәлік Жүнісов, «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының жетекшісі Кенжеғали Шаңқанов, аталмыш басқарма кәсіподақ комитетінің төрағасы Самат Қабделов жалғастырды. Осы жерде біз марапатталғандардың бір тобын сөзге тартқанбыз.

ЖАҢАРҒАН КЕҢСЕ – ЖАЙЛЫ ҚЫЗМЕТ

Салтанатты шара кезінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ және аудан басшылары Исатай ауданының орталығы - Аққыстау селосындағы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің күрделі жөндеуден кейінгі орталық кеңсе ғимаратын аралап көрді. Оның тұсаукесер рәсіміне қатысып, рәміздік лентаны қиды.

Мерекелік шараның бағдарламасында мұнайшылар құрметіне республикалық ақындар айтысы ұйымдастырылып, оған бүгіндері республика жұртшылығына кеңінен танылып жүрген ақындар арнайы шақырылды. Ал, мерекелік бағдарлама кешкілік орталық стадиондағы Н.Жантөрин атындағы облыстық филармонияның өнерпаздары мен қазақ эстрада жұлдыздары – өнерлі жұп Қыдырәлі Болманов пен Қарақат Әбілдинаның қатысуымен болған гала-концертке ұласты. Мерекелік шара отшашумен мәресіне жетті.



КЕНБАЙЛЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАРҒА-ЖАҢА ЖАТАҚХАНА

Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Кенбай кен орнында өткен салтанатты шарада 100 орындық жатақхана пайдалануға берілді.

Компанияда жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға үлкен көңіл бөлініп келеді. «Қайнармұнайгаз» басқармасында 2017 жылы азық-түлік сақтайтын 2 мобильдік вагон, кәріз суын тазалап, буландыратын қондырғы іске қосылды, басқарманың кеңсесі күрделі жөндеуден өтті. Уз кен алаңында 30 орындық жатақхана ашылды және тағы басқа жұмыстар жасалды. Ендігі алдымызда тұрған мақсат – жатақханаларымызды заманға сай типтік жүйеге көшіру. Осыған орай өткен жылы 500-ге жуық адам жұмыс жасайтын Кенбай кен орнында модульдік жатақхананың құрылысы басталды, - деп кенбайлық



мұнайшыларды «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан НАҚПАЕВ құттықтады.

Сонымен қатар, салтанатты шараға қатысқан Қызылқоға ауданының әкімі Арман БАЖЕНОВ пен аудандық мәслихат хатшысы Толқын БЕЙСҚАЛИ мұнайшыларды кәсіби мерекемен құттықтап, жылы лебіздерін арнады.

Жаңа жатақхана екі қабаттан тұрады, барлық бөлмелер екі адамға арналған. Қажетті бөлмелермен, киім кептіретін, үтктейтін бөлмелермен, қажетті техникалармен толық қамтылған.

Салтанатты шара барысында аталған МГӨБ-нің өндірістік-техникалық бөлімі бастығының орынбасары Нұрболат АХМЕТОВ «KAZENERGY» Ассоциациясының Алғыс хатымен марапатталса, ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының операторы Еркебұлан ҚАРАБАЕВҚА «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасы табысталды. Кенбай МГӨЦ-ның операторы Ерболат ЖҰМАҒАЛИЕВҚА «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Естелік белгісі табыс етілді. Уз, Қондыбай, мұнай және газ өндіру бөлімшесі бастығының орынбасары Эльдар ЕСЕНҒАЛИЕВ, Кенбай МГӨЦ қабат қысымын ұстау бөлімшесінің машинисі Тайман СҮНДЕТОВ, мұнай дайындау және

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

айдау цехының технологиялық сораптар машинисі Серік ЖАҚЫПОВ, зерттеу жұмыстары цехының ұңғымаларды зерттеу жөніндегі операторы Ержан ТАНАТОВ, материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы Алаш ҚАБИЕВ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның



Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ жылу, газ, сумен қамтамасыз ету бөлімшесі бастығының орынбасары Самат ҒАЛЫМЖАНОВҚА, арнаулы техника және автокөлік колоннасының цементтеу агрегатының моторисі Жоламан ОРАЗБАЕВҚА, қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бөлімшесін электр газымен дәнекерлеуші Жақсылық КАСЕНОВКЕ, Б.Жоламанов мұнай және газ өндіру бөлімшесінің жұмысшы агентті қабатқа сіңіретін сорап стансасының машинисі Қанат ҚҰТЖАНҒА Компанияның Алғыс хаты табысталды.

ҚИСЫМБАЙДА – ЖАҢА АСХАНА

Сонымен қатар, аталған мерекеге орай «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Қысымбай кен орнында өткен салтанатты шарада 50 орындық асхананың ашылу рәсімі ұйымдастырылды.

Бұл асхананың жобасы 2015 жылы дайындалып басталды. Компанияның сол кездегі басшысы Құрманғазы Есқазиев осы идеяның авторы болған еді. Бүгін осы бастама іске асып, мұнайшылар күніне үлкен сый болып отыр. Сонымен қатар, тамақтың сапалы болуын да бақылап отырмыз. Себебі, біз үшін ең бастысы – жұмыс-



шыларымыздың өмірі мен денсаулығы!, - деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан НАҚПАЕВ салтанатты шарада.

Компанияда жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға үлкен көңіл бөлініп келеді. Атап айтсақ, өткен жылы «Жылыоймұнайгаз» басқармасына қарасты Ақінген кен орнында жаңа жатақхана салынса, биыл Құлсары қаласында мұнайшыларға арналып 32 орындық жатақхана бой көтерді.

Салтанатты шара барысында еселі еңбектері бағаланған бір топ мұнайшылар ұлығыланды. Атап айтсақ, Прорвадағы мұнай және газ өңдеу цехының №4 Ақтөбе-Досмұхамбетов кен орны бригадасының жөндеушісі Нұрлыбек АХМЕТОВ ҚР Энергетика министрлігінің

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ



Құрмет грамотасымен марапатталды. №2 Терең-Өзек мұнай және газ өндіру цехының мұнай кәсіпшілігі жабдыктарына қызмет көрсету және жөндеу бригадасының 4 разрядты жөндеушісі Ерболат МИРМАНОВҚА «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Құрмет грамотасы, ал, басқарманың өндірістік-техникалық бөлімі бастығының орынбасары Әлібек КӘРІМБАЕВҚА Естелік белгісі табыс етілді. Аталған МГӨБ-нің Прорвадағы мұнайды дайындап айдау цехының механигі Қуандық ҚҰРБАНОВ ЕМГ АҚ-ның Құрмет грамотасымен марапатталды.

Басы. Соңы 6-бетте.

АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ АКЦИЯНЫ КЕРІ САТУ

ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАБЫСТЫ ЖОЛЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервистері жөніндегі орынбасары Құрманғазы ЕСҚАЗИЕВ пен Басқарма төрағасының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Дәурен ҚАРАБАЕВ «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымымен, ембілік ардагер-мұнайшылармен кездесіп, акцияларды қайта сатып алу бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

2018 жылдың 13 тамызында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (КМГ БӨ) Компанияның келешектегі дамуына үлкен мүмкіндіктер беретін құжат – акционерлік қоғамның артықшылықты акцияларын кері сатып алу жөнінде бағдарламаны бекітті. Акция – компания пайдасының бір бөлігін дивидент түрінде алуға құқық беретін құнды қағаз. Кез келген компания табысты қызмет ету үшін қаражат тартуды көздейді. Ал, қаражат тартудың бір жолы – акцияларды саттыққа шығару. 2004 жылдың сәуір айында «Ембімұнайгаз» АҚ мен «Өзенмұнайгаз» АҚ қосылуының нәтижесінде құрылған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ 2006 жылдың қыркүйегінде IPO қор биржасына өз акциясын саттыққа шығарды. Әлем елдеріне кең танылған Лондон қор биржасына акциясын орналастырған 4 қазақстандық компанияның бірі – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ осы арқылы 2 миллиард доллардан астам қаражат тартқан. Ол қаражат өндірісті дамытуға, жаңа кен орындарын игеруге жұмсалды.

Ал, бүгінгі таңда КМГ БӨ мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы арасында интеграция процесі жүріп жатыр.



Баршаға мәлім, 2018 жылдың соңына таман «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ өз жұмысын тоқтатады. Осыған орай компанияның акцияларын сатып алу ұсынысы туындап отыр. Саттыққа шығатын бір акцияның құны 12 800 теңге көлемінде бағаланған. КМГ ҰК Басқарма төрағасының орынбасарлары Құрманғазы Есқазиев пен Дәурен Қарабаев акцияны кері сату акцияның иелері мен компания үшін тиімді жол екеніне баса мән бере отырып, бұл жұмыстың орындалу жолдарын жиналғандарға жан-жақты түсіндірді. Залдан сауалдар да көп болды.

Бір акцияның құны 12 800 теңге деп бағалану жолы қалай есептелінген? деген сауалға нақты жауап та берілді. Акцияның бағасын белгілейтін нарықтағы жағдай. Бір акцияның құнына нарық бағасының үстемақысы қосыла есептелінген. Яғни, бір акцияның орташа бағасы 10 292 теңге болса, оған нарық бағасының үстемақысы 24,4 пайыз қосылып отыр. Сонда бір акцияның құны 12 800 теңгені құрайды.

«КМГ БӨ акциясы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ға неге берілмейді?» деген сауалға да тұшымды жауап берілді.

2004 жылы құрылған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ «Ембімұнайгаз» АҚ мен «Өзенмұнайгаз» АҚ акцияларының мұрагері құқығына ие болды. Ал, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бұл акциялардың мұрагері бола алмайды. Сол себепті, жұмысын тоқтатқалы отырған отандық мұнай өндіруші компанияның акцияларын саттыққа шығару бүгінде өзекті. Акцияларды сатып алғаннан соң ғана «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ оны IPO лондондық қор биржасына шығара алады. Сол арқылы табыс тауып, алдағы ауқымды жұмыстарды нәтижелі етпекші.

Соңғы 3 жылда дивидент құнының төмен бағаланып келгені көпшілікті алаңдатқан мәселенің бірі-тін. Басшылармен болған кездесуде ардагер-мұнайшылар тарапынан дивидент бағасының 25 теңге көлемінде төленіп жүргендігі де айтылды.

Акциясын IPO-ға шығарған компаниялар өңірдегі әлеуметтік бағдарламаларға да үлес қосады. Бұл – компанияларға қойылатын талап. Бұл орайда, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ табысының белгілі бір



бөлігін мұнайлы өңірлердегі қайырымдылық-демеушілік шараларына арнап, нарықтағы мұнай бағасының құлдырауына қарамастан әлеуметтік бағдарлардың орындалуына жұмсалған қаражат көлемін азайтпай ұстап келеді. Жұмысшылар тарапынан да қысқарту болмады. Түсіне білген адамға бұл – өте үлкен шаруа.

Жиын соңында сөз алған еңбек ардагері, атыраулық Қайырлы Жұмағазиев «Акционерлік қоғамдар туралы» заң құжатында оңтайландыру мәселесіне қатысты нақты көрсетілген кейбір мәселелерге жете тоқталды.

- Кәсіпорын өз жұмысын тоқтатқан мезгілде оның акциясы кері саттыққа шығады, акцияның құнын белгілейтін – нарықтағы баға. Компания жұмысын тоқтатқан кезде сатылмаған акция өз құнын жояды. Сол себепті, Компания басшыларының қойып отырған бағасы өте тиімді, қолдағы бар акцияларымызды дер кезінде өткізгеніміз дұрыс, - деген ардагердің ойын «FREEDAN france» компаниясының филиал директоры Руслан Гилизитдинов: «Бүгінгі нарықтағы бағамен салыстырғанда бір акцияның құнын 12 800 теңге деп бағалау өте тиімді. Құнды қағаз дер кезінде бағалануымен құнды. Сол себепті, өз жұмысын тоқтатқалы тұрған компанияның акционерлері үшін қолдарындағы артықшылық берілген акцияларын саттыққа шығару – дұрыс шешім» деген пікірімен толықтыра кетті.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның артықшылықты акцияларын кері сатып алуы – еліміздің мұнай-газ саласының дамуына үлкен мүмкіндік беретін тиімді жол. Акцияларды кері сатып алу шарасы ерікті түрде жүреді. Акционерлер өз иеліктеріндегі артықшылықты акцияларын сату не сатпау барысында компанияның даму перспективасын және бүгінгі нарықтың жағдайын ескергендері жөн деген оймен жиынға қатысушылар ой түйді.

Айта кету керек, артықшылықты акцияларды сату 2018 жылдың 13 тамызынан бастап, 16 қарашаға дейінгі аралықта жүзеге асады.

ҚҰРМАНҒАЗЫ ЕСҚАЗИЕВ: ИНВЕСТИОРЛАР ТИІМДІ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ ДЕП ҮМІТТЕНЕМІЗ

Сарапшылар қауымдастығы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ артықшылықты акцияларының ұстаушыларына қайта сатып алу туралы ұсынысты қабылдауға кеңес берді. Олардың пайымдауынша, бір акцияның құны әділ бағаланған. Ал, акционерлер құнды қағаздарын сатуға дайын ба? Бұл туралы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиев айтып берді.

– **Құрманғазы Орынғазыұлы, өзіңіз акционерлермен кездестіңіз бе? Артықшылықты акцияларды қайта сатып алу туралы жаңалықты олар қалай қабылдады?**

– Жуырда біз Атырауда «Ембімұнайгаз» АҚ кеңсесінде және Жаңаөзенде «Өзенмұнайгаз» АҚ-да артықшылықты акциялардың ұстаушыларымен кездесулер өткіздік. Акционерлер көп жиналды. Олар біраз сұрақ қойды, біз барынша нақты жауап беруге тырыстық. Акционерлердің барлық тілек-ұсыныстарын тыңдадық. Акционерлердің басым бөлігі біздің бұрынғы немесе қазір жұмыс жасап жатқан қызметкерлер екендігі баршаға белгілі. Меніңше, кездесулер нәтижелі болды. Конструктивті диалог түрінде өтті.

Барлық шешімдер қатаң түрде заңнамалық нормалар аясында қабылданатынын баса айтқым келеді. Инвесторлар осы жағдайда олардың ешбір құқығының шектелмегендігін түсініп, дұрыс шешім қабылдайды деп үміттенеміз.

Акцияның баланс құны таза бухгалтерлік шама екендігін атап өткен жөн. Бағалы қағаздың нақты құны – бұл оның биржадағы нарық бағасы. Ол баланс құнынан жоғары да, төмен де болуы мүмкін. Егер биржада акцияның бағасы 10 292 теңгені (сатып алуды жариялағанға дейінгі соңғы 30 күн ішіндегі орташа баға) құрайтын болса, демек бұл барлық инвесторлардың оның құнын нақты бағалауы. Бұған дейін артықшылықты акциялар сатылымға бұл сомадан қымбат та, арзан да шығарылғанын баса айтқым келеді. Бұл

көптеген факторларға, соның ішінде нарық конъюктурасы мен мұнай бағасына байланысты. Тиісінше, мұнай бағасы жоғары болған кезде ҚМГ БӨ-нің артықшылықты және жай акциялары анағұрлым жоғары бағамен сатылды. Нарықтағы бағаның белгіленуі бұл акционер тиісті құралға инвестиция салған кезінде өзіне қабылдайтын тәуекел болып табылады. Ал компания қазіргі сәттегі жағдай бойынша нарық бағасына 24,4% көлемінде сыйақы ұсынып отыр. Тендерлік ұсыныс 12 800 теңге сомасымен жарияланғандықтан, нарық бағасы осы деңгейге жетті. Өйткені, осы баға бойынша үлкен көлемге сатып алушы табылды. Компания өзінің қайта сатып алу ұсынысымен артықшылықты акциялар ұстаушыларына тиімді бағамен шығуға мүмкіндік беріп отыр. Тағы бір атап өткім келетіні, компания артықшылықты немесе жай акциялардың иелері болсын, барлық санаттағы инвесторлардың мүдделері үшін әрекет етеді.

– **Кезінде акцияларды жоғары бағамен сатып алған, енді арзан бағамен сатуға мәжбүр болып отырған акционерлер бар ма?**

– Нарыққа артықшылықты акциялардың құны жай акциялардың деңгейіне дейін өседі деген үмітпен артықшылықты акцияларға инвестициялауда алып-сатарлық стратегиялардың бар екендігі ешкімге жасырын емес. Дей тұра, олардың барлығы табысты бола бермейді. Акцияның тиісті дивидендік кірісіне және нарықтық құнының негізгі өсіміне сүйенетін қарапайым инвестор үшін, әсіресе, ол кезінде артықшылықты акцияларды тегін алған қызметкер болса, бұның еш мәні жоқ. Ал, кәсіби инвесторлар туралы айтар болсақ – олар әрдайым тәуекелге баратынын жақсы түсінеді.

– **Акциялардың бөлшектенуі бола ма?**

– Аталған мәселе компания акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасы жай акциялардың ұстаушыларына – акционерлерге қосымша эмиссия немесе бөлшектеу жолымен жай акциялардың

санын көбейту бойынша шешім қабылдау кезінде ешқандай шектеу қоймайды және артықшылықты акцияларға қатысты осындай іс-әрекеттерді қажет етпейді. Белгіленген тәртіппен мұндай шешім қабылданған жағдайда ол заңды деп есептеледі.

– **Құрманғазы Орынғазыұлы, компанияның өткен жылға дивиденд төлеу туралы шешімі де акционерлер арасында сұрақ тудырады...**

– 2017 жылға дивиденд төлеу туралы шешім жай акцияларға қатысты ғана акционерлердің көпшілік дауысымен қабылданды. Бұның бәрі заңнамада қарастырылған. Акционерлер заңнамада немесе компанияның жарғысында қарастырылған кез келген шешімді қабылдай алатынын бәріміз білеміз. Оған ешкім шектеу қоя алмайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерге байланысты шешім қабылданған жоқ. Артықшылықты акциялардың ұстаушылары дивидендтерді заңнама, жарғының және акциялар эмиссиясы проспектісінің шарттары негізінде алады. Сондай-ақ, олардың акцияға тиесілі ең төмен кепілдікті кірісті алуға құқықтары бар.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Енді қауіпсіздік саласындағы құқық-бұзушылықтар, сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану жөніндегі ақпаратты WhatsApp әлеуметтік желісі және SMS хабарламамен жіберуге болады. Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

**«Ембімұнайгаз» АҚ
қауіпсіздік қызметі**

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

ҚИСЫМБАЙДА –
ЖАҢА АСХАНА

Соңы. Басы 3-бетте.

Құлсарыдағы мұнайды дайындап айдау цехының Қисымбай мұнайды дайындап айдау телімінің тауар операторы Байжұма ЖАЛҒАСБАЕВ, Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу операторы Құдайберген АМАНҚОСОВ, Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының көтергіш машинисі Талап КЕРШУБАЕВ, №1 Қосшағыл мұнай және газ өндіру цехының мұнай кәсіпшілігі жабдықтауына қызмет көрсету және жөндеу

бригадасының жөндеушісі Есет КЕНЖЕҒАЛИЕВ ЕМГ АҚ-ның Құрмет грамотасымен марапатталды. Бұған қоса, Құлсарыдағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің мұнай кәсіпшілігі жабдықтауына қызмет көрсету агрегатының машинисі Марат СӘЛІМҒЕРЕЕВКЕ, Прорвадағы автокөлік және арнаулы керуенінің бульдозер машинисі Жұма ӨМІРЗАҚОВҚА, Прорвадағы нысандарды ағымдағы жөндеу учаскесінің ағаш шебері Есенгелді БАЙТАНАТОВҚА, Құлсарыдағы өндірістік құралдарды жөндеу және пайдалану цехының жөндеушісі Ақылбек СЕНҒАЛИҒА, зерттеу жұмыстар цехының ұңғыларды зерттеу операторы Айбек САҒЫНБАЕВҚА ЕМГ Алғыс хаты табыс етілді. Осы орайда, Доссор мәдениет үйінде де кәсіби мерекеге орай

салтанатты шара ұйымдастырылды. Доссорлық мұнайшыларды ЕМГ Басқарма төрағасының орынбасары С.НАҚПАЕВ, Мақат ауданының әкімі Жұмабай ҚАРАҒАЕВ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ басшысы Амангелді СҮЛЕЙМЕНОВ құттықтап, үздік жұмысшыларды марапаттады. Атап айтсақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Естелік белгісімен Қамбар ЖОЛАЕВ марапатталды. Жерасты байлығын игеріп, елдің қадесіне жарату жолында аянбай еңбек етіп жүрген Жәнібек ҚҰЛҒАЛИЕВ, Берік ТАНАШЕВ, Жанұзақ СҰЛТАНОВ, Сәндібек ӘДІЛОВ, Мәлік САЛИЕВ Құрмет грамотасына, Елібай МЫРЗАҒАЛИ, Сисенғали АҚМҰРЗИЕВ, Данияр БИСЕНОВ, Жақсыбек САРБАЛИН Алғыс хаттарға ие болды. Сонымен қатар, басқа да қызметкерлер мен сала ардагерлері марапатталды.

ЕЛОРДАДАН ЖЕТКЕН ҚОС ҚОЛА

Ағымдағы жылдың 26-29 тамыз күндері Астана қаласында өткен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ спартакиадасы Қазақстан Республикасы Мұнай және газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналды. Бұған дейін айтып кеткеніміздей, бұл – финалдық кезең болып саналды.

Жарыстың ашылу салтанатына қатысқан «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ орынбасары Дәурен ҚАРАБАЕВ бұл додаға қатысушы 30-дан астам компаниядан 350-ден астам қызметкерлер-спортшыларға сәттілік тіледі. Осымен үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отырған жарыс спорттың 8 түрінен (шағын футбол, баскетбол, волейбол, суда жүзу, армрестлинг, тоғызқұмалақ,

шахмат) мықтылардың басын қосты. Өйткені, бұдан бұрын іріктеу турнирлері өтіп, өз топтары бойынша оза шауып, жеңіске жеткендер ғана финалдық кезеңде бақ сынасты.

Айта кетсек, жуырда Қызылорда қаласында өткен іріктеу турнирінде топ жарған ембілік футболшылар, волейболшы қыздар мен ерлер, шахматтан ақтық сынға жолдама алғанымызды қуана хабарлаған болатынбыз.

Астанадағы жарыс жүзден жүйріктерді анықтады. Осалдар мүлдем кездеспеді. Бұған дәлел – үш күн бойына өткен тартысты ойындар.

Жарыста волейболдан ерлер арасында «Ембімұнайгаз» АҚ командасы өнер көрсетті. Ал, шахматтан Ембі намысын Білімпаз Қабдолов қорғады.

– Құрметті әріптестер, спортшылар. Сіз-

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

дерді қос мереке ҚР Конституция күнімен және ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл жарыс игі дәстүрге айналды деуге әбден болады. Өйткені, бұл жарыс «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-на кіретін компаниялар тобының корпоративті рухын өсіріп, әріптестер арасында ауызбіршілік пен достық қарым-қатынасты қалыптастырады деп ойлаймын. Жарыс алаңында белсенділік танытып, қатысқан барлық спортшыға алғысымды айтамын, - деді жарыстың жабылу салтанатына қатысқан «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Сауат МЫҢБАЕВ.

Үш күнге созылған тартысты бәсекелер нәтижесінде Ембінің қоржынына екі қола жүлде түсті. Үшінші орынға таласта ембілік волейболшы қыздар «Маңғыстаумұнайгаз» командасын айқын басымдықпен ұтып, Атырау мұнай өңдеу зауыты мен «Өзенмұнайгаз» АҚ командаларына ғана жол берді.

Ал, шағын футболдан III орын иегері пенальти сериясында анықталды. Кездесудің негізгі уақыты 2:2 есебімен аяқталған болатын. I орынды иеленген «Өзенсервискомпани» компаниясының командасы, ал, «Қазақойл Ақтөбе» - күміс жүлдегер атанды.

Ембілік мұнайшылар кәсіпқой боксшы Бейбіт Шүменовтің қолынан кубок, грамота, медальдарды алды.



С.БАЛҒЫМБАЕВ КЕН АЛАҒЫНА – 50 ЖЫЛ

ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРИХ

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында)

- Мартыши менің билігімде. Оны осы бойда бере аламын. Ал енді Айдыналиевке де әнебір қарсылығым жоқ. Өзің білесің, облыстық кәсіподақ комитетінде үш жылдай әзер істеп: «Мынау зейнеткерлікке шыққаннан кейін атқаратын жұмыс екен» деп тастап кетті. Қазір жол жөндеу конторын



басқарады. Тек өзімен келіс. Мен тараптан зорласам, өкпелеуі мүмкін.

Бәрі де сол күні, сол сағатта, облыс орталығында. Жол жөндеу конторында ертеректе Құлекең, Құлқайыр Оспанов та бір мәрте істеп кеткен. Зиекең кабинетіне келген соң, амандық-саулық алысқаннан кейін сол жағдайды еске түсірдім.

-Қошқарда да солай болған. Ағалы-інілі, ұзынды-қысқалы боп, біз өзі солай жүріп - тұрамыз.

-Зиядин Мәжитұлы, ендігі маршрутыңызды сәл - пәл өзгертсеңіз қалай болар екен. Яғни, Еділ - Жайық екі өзен аралығына қарай. Ол ұзақ ойланды. Шауып кететін бала - шаға емес. Жасы елуден асқан, нағыз кемелінде. Соның өзінде тұзы ауыр, мінезі тым салмақты, аса сабырлы кісі.

-Жауабын асықпай бере жатарсың, бір апта күтем. Арғы жағында басқа кадр іздеймін, - деп көмейімді жасырмадым. Жаңа апта басталды. Сәрсенбінің сәтінде Зиядин Мәжитұлы Байшонасқа өз аяғымен келіп тұр. Сөйтсе, Досмұхамбетов іштей мақұлдаған, өз еркіне салулы. Маңдайына тағы бір қиын учаске тапсырылғалы тұрғанын қатты ескертулі.

Сол сол екен, Айдыналиевпен әрі қарай дәм-тұзымыз жарасып кетті.

Зиядин Мәжитұлы орнықты, өз ісіне мығым, аса тындырымды, өте - мөте мәдениетті жан болды. Сұрапыл соғысқа бастанаяқ қатынасқан, жауынгерлік орден-медальдердің иегері. Бертінірек келе өндіріс

командирі. Айналасындағы жұртты ерен еңбекке жұмылдырушылық қасиеті, іскерлік те ұйымдастырушылық қабілеті бойға біткен нағыз тарланбоз. Мұнайлы Ембінің ертеңі үшін бар мағыналы өмірін сарп еткен алдыңғы толқын ардагер мұнайшылардың бірі.

Алдыңғы әзірде алаңды бастап игеруге жұмысшылар Байшонастан Мартышиға вертолетпен жеткізіліп отырды. Сол жылдың, яғни 1967 жылдың 10 сәуірінде құрамында тоғыз адамы бар шағын топ



Мартышиға жеткізілді. Алаңдарды бастап игеруге осы топқа жол бас-тап келген және Еділ-Жайық арасындағы мұнай өндірісінің алғашқы қадамынан айқын өндіріс орнына айналғанға дейін ауыр кезеңдерді бастан өткерген адам - білікті маман Рысқали Қалмұханов болатын. Бұл мұнайшы ардагер ағамыз бүгін күні ортамызда жоқ, өмірден өткен. Қазақ мұнайын игеруге сүбелі үлесін қосып, мұнай тарихында өз қолтаңбасын қалдырған азаматтың өмір жолына тоқталсақ, ол қасиетті Нарын құмының тұма түлегі, сахара перзенті. Әкесі алғашқы колхоздарды басқарған, көпке тәрбиеші болған. 1943 жылы қызмет жағдайымен Қалмұхановтар отбасы Гурьев қаласына қоныс аударады. Рысқали қаладағы Жамбыл атындағы қазақ орта мектебін алтын медальмен бітіреді. Ата-бабаларында мұнайшы мамандығын меңгергендер немесе сондай өндірісте жұмыс жасағандар болмаса да, Рысқали бірден осы мамандықты қалайды. 1959 жылы Москва қаласындағы Губкин атындағы мұнай және газ институтын үздік бітіріп, мұнай өндірудің маманы атанады. Жоғарыда аталған Байшонас кәсіпшілігінде еңбек жолы басталады. Ендігі сөзді Рысқали ағамыздың өз сөзімен өргізсек:

- Байшонас Атырау өңіріндегі байырғы мұнай кәсіпшілігі болатын. Онда талай-талай атақты адамдар еңбек еткенін білеміз.



Басқаларды айтпағанның өзінде, Байшонас кәсіпшілігінің озат мұнайшысы Балғаным Доспаева апайымыз қатарынан 3 мәрте он екі жыл бойына КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланғаны бәрімізге мақтаныш еді. Мен осындай өнегелі ұжымда еңбек жолымды бастағанымды өзіме зор абырой санадым. Алғашқы бастығым Қуаныш Құдабаевтың өсиет - өнегесін көрдім. Сол кезде Қарсақ кен алаңы игеріліп жатқан. Соның инженерлік жұмыстарын



жүргіздім. Әркім өзінің жұмысына ерекше мән беріп, нақты жауапкершілікпен атқаруы тиіс. Менің өмір бойы ұстанған дағдым осы. Ұңғыларды зерттеу жұмыстары нақты болуы шарт. Ол дұрыс жүргізілмесе, нәтиже қанағаттандырмай қалады, еңбек зая кетеді. Сол кезде бүкіл Ембі мұнайшыларына менің тәжірибемді таратты. Оны мақтаншақтыққа санауға болмас. Әйтсе де, шындықтың бетіне шымылдық ұстаған және жараспас.

1963 жылы Мартышида алғашқы мұнай тасқыны атқылады. Сонымен қатар, бүкіл кен алаңындағы барлау жұмыстары да толық аяқталды. Енді барлау-бұрғылау жұмыстары қамысты кен алаңына ауысты. Мемлекеттік комиссия Мартыши кен алаңындағы мұнайдың қорын анықтап, оны Мәскеуде нақты талқылап, бекітті. Бұл 1966 жыл болатын. Мемлекеттік комиссияның бекіткені - ол кен алаңынан мұнай өндіруге рұхсат берілгені деп түсіну керек. Және жер астында қаншалықты мұнай қоры бар екені анық болды. Сондықтан 1967 жылдың басында Еділ - Жайық арасынан мұнай өндірісін ашып, оны тез ұйымдастыру тәртібі берілді.

Бағыт СМАТУЛЛИН
«Ембімұнайгаз» АҚ ардагерлер
кеңесінің төрағасы.

МҰНАЙШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ҰЖЫМЫМ – МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ!

Мамандық - жәй күнелту ақша табу емес, әр адам өз мамандығынан рухани күш алып, енбектің рахатын көреді. Менің таңдаған мамандығым – мұнайшы. Бұл мамандықты әке жолын қуып таңдадым. Әкем қырық бес жыл өмірін мұнай өндіру саласына арнап он бір бала тәрбиелеп өсірді.

1985 жылдан бастап еңбекке араластым. Өндірістен мол тәжірибе жинақтап, 1992 жылы Алматы қаласында Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ политехникалық институтты бітіріп, геолог мамандығымен жұмыс жасадым.

Еңбек жолымда көптеген білікті мамандармен кездестім, білімімді ұштадым, ұрпақ тәрбиеледім. Осы мамандығымның жемісі көптеген марапаттарға ие болдым. Астанада өткен EXPO 2017 көрмесіне бардық. Қазіргі өндіріс жағдайымен салыстырсам, технология әлдеқайда алға дамығанын көремін. Өндірістегі жас буын мамандарға қарап еліміздің жарқын болашағын көріп қуанып отырамын.

Қолым бос уақытта кітап оқып, ойымнан туындаған өлеңдерді қағаз бетіне түсіремін, тігін тігуді, тоқыма тоқуды ұнатамын. Ас үйде ас дайындау – менің сүйікті кәсібім.

Киелі мекен Шығыс Мақат кен алаңының мұнай өндіргеніне биыл – жиырма бес жыл. Еліміздің экономикасын көтеруде өзіндік үлесі мол деп білемін. Шығыс Мақат кен алаңының топырағын басып жүрген әрбір мұнайшының осы салаға қосқан үлесі ұшан-теңіз. Қыстың сықырлаған сары аязы, жаздың ауыз кептірер аптап ыстығы ауыз бірлігі жарасқан бұл ұжымға мұнай өндіруде ешқандай кедергісін келтірмейтіндей.

ШЫҒЫС МАҚАТ МҰНАЙШЫЛАРЫНА!!!

Шығыстан шықты күн арайланып, Төгіліп шапағатын жерге жайып. Аттанды мұнайшылар таң сәріден, Нәсібісі мол шығысты бетке алып. Әр кеннің байлығы да болар бөлек, Тәжірибелі маман ғана оны игермек. Басын изеп теңселмелер қарсы алар,

«Келдің бе, жанұяң аман ба?» деп! Жолыңда желеп-жебеп Ошақ Ата, Тілейді ұрпағына ақ тілеуін. Алланың табаныңа берген күші, Майланған топырағың мамық мақта. Күлкісі сыңғырлаған қыз-келіншек, Өндіріске сән берер орны ерекше. Болашақ ұрпақтарға өмір сыйлап, Тәрбиелеп өсірген зор келешек. Қызығы мен шаттығы мол өмірде, Ер азамат, орның сенің әркез төрде. Мұнайың сарқылмасын, мұнайшылар, Әріптестер, құтты болсын төл мереке!

Алмагүл НҰРЖАНОВА,
«Ембімұнайгаз» АҚ Шығыс Мақат кен орны зерттеу цехының шебері.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақмола облысы Зеренді кентіндегі сауықтыру кешенін және тікұшақ алаңын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік мүлік тіркелімінің (gosreestr.kz) веб-порталында бағаны көтеруге арналған аукцион өткізу арқылы сататыны туралы хабарлайды. Зеренді кентіндегі сауықтыру кешенінің жер учаскесінің жалпы алаңы - 8,37 га. Тікұшақ алаңының жалпы ауданы – 7,57 га құрайды.

Бағаны көтеруге арналған аукцион: 2018 жылғы 16 қазанда сағат 10:00 минутта басталады.

Аукционды өткізу мәселелері бойынша (7172) 78-90-48, (7172) 78-63-81, (7172) 78-62-63 телефондарына хабарласуға болады.

МЕНШІК ИЕСІ:
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ

ЕмбіМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Шығарушы:
қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор:
А. Ертлеуова



<https://www.facebook.com/100016808373445>



https://www.instagram.com/ao_embamunaigas



<https://t.me/embamunaigas>



www.emba.kz

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ – «Ембімұнайгаз»

АҚ Басқарма төрағасы; **Айболат**

ГАБДУЛЛИН – Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары; **Қайрат**

ӘДІЛБЕКОВ – Басқарма төрағасының

геология және кен орындарын игеру

жөніндегі орынбасары; **Бауыржан**

БАЛЖАНОВ – Басқарма төрағасының

бизнесі дамыту жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ – Басқарма

төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі

орынбасары; **Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА**

– қызметкерлерді басқару және еңбекке

ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА – қоғаммен

байланыс қызметінің жетекшісі

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ
ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА
ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі, 105 кабинет

СҮЛЕЙМЕНОВА Лаура

8 (7122) 99-34-77

L.Suleimenova@emg.kmgep.kz

ҚАРАЖАНОВА Ғалия

8 (7122) 99-34-21,

G.Karajanova@emg.kmgep.kz

ЕРТЛЕУОВА Айгүл

8 (7122) 99-32-09,

A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

ТУЛЕГЕНОВ Қарасай

8 (7122) 99-34-80

K.Tulegenov@emg.kmgep.kz